«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Т. Рысқұлов ауданы,
Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА
Т. РЫСКУЛОВА УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

Район Т. Рыскулова,
село Кулан, улица Жибек жолы 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

23.11.2026 № 13-02-2064

Т.Рысқұлов ауданының білім бөліміне қарасты қосымша білім беру ұйымдарының директорларына

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын танымал ету, дарынды білім алушыларды анықтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту, орындаушылық шеберлігінің деңгейін арттыру мақсатында 2026 жылдың 13 қаңтар күні **«Жұлдызыңды жақ»** атты аудандық ән байқауы өткізілетінін хабарлайды.

Аудандық байқауға қосымша білім беру орталықтарының білім алушылары қатыса алады. Өтетін орны қосымша хабарланады.

Осыған орай, байқау ережесі қосымша жолданады.

Қосымша: 2 парақта

Басшының міндеттерін уақытша атқарушы **А.Базаркулова**

Орындаған: Г.Ногайбаева
Тел: 87087157381

«БЕКІТЕМІН»
Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің басшының міндеттерін уақытша атқарушы
_____ А.И.Базаркулова
“23” қараша 2026 жыл

Аудандық «Жұлдызынды жақ» атты ән байқауының

Е Р Е Ж Е С І

Мақсаты мен міндеті:

- балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын танымал ету;
- дарынды білім алушыларды анықтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту, орындаушылық шеберлігінің деңгейін арттыру;
- балалар мен жастардың арасында әр түрлі жанрларға қызығушылығын қалыптастыру, олардың қарым-қатынастары үшін жағымды ортаны құру.

Қатысушылар:

Байқауға 6-14 жас аралығындағы қосымша білім беру мекемелерінің білім алушылары қатыса алады.

Өткізу тәртібі:

- **жеке орындау (соло) номинациясы;***(жас ерекшелігі бойынша әр мекемеден 2 оқушыдан қатыса алады)*

- **дуэт және трио номинациясы;***(жас ерекшелігі бойынша әр мекемеден 2 оқушыдан қатыса алады)*

Өткізілу шарты:

6-8 жас 2 оқушы
- балалар әндері;

9-11 жас 2 оқушы
- еркін тақырып;

12-14 жас 2 оқушы
- еркін тақырып;

Бағалау критерийлері:

- әуені, музыкалық шығарманың көркемділігі;
- интонациясының тазалығы мен дыбыс сапасы;
- дауыс тембрінің әдемілігі мен динамикасы;
- сахналық мәдениеті;
- орындау шеберлігі мен киім үлгісі;
- репертуар орындаушының жасына сәйкес болуы керек.

Өткізілу уақыты мен орны:

Байқау 2026 жылдың 13 қаңтар күні өтеді. Өтетін орны қосымша хабарланады. Байқауға қатысу туралы сұраныстар 2026 жылдың 11 қаңтар күніне дейін қабылданады. Мекен жайымыз: Көкдөнен ауылы, Б.Битанов көшесі №1 Өнер мектебі тел: 87714911804, эл.почта: oner.mektebi.07@mail.ru

Байқауға қатысу үшін төмендегі үлгіге сәйкес сұраныс өткізу қажет.

Ескерту:

Мерзімінен кеш тапсырылған сұраныстар қабылданбайды.Сұранысқа мектеп директорларының қолы мен мөрі қойылсын!

Міндетті түрде оқушыға жетекші тағайындалып, ата-ананың келісім парағы болуы қажет!

Оқушыларды алып бару, алып келу және оқушылардың өмір қауіпсіздігіне толық жауапкершілік жетекшілеріне жүктеледі.

Қосымша 1

№	Қатысушының аты-жөні	Мектебі	Жас ерекшелігі	Шығарманың аталуы	Авторы	Жетекшісінің аты-жөні, ұялы тел.